ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 03 желтоқсан №2301-24-00-2/3392 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы цифрландыру және архивтер басқармасының Атырау облысының Цифрландыру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Мәденият» - Қонысбек Каирбекұлы Мәденият,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 117, 267-4, 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Атырау облысы цифрландыру және архивтер басқармасының Атырау облысының Цифрландыру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Мәденият» - Қонысбек Каирбекұлы Мәдениятты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 24 050 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мәденият» - Қонысбек Каирбекұлы Мәденият мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мәденият» - Қонысбек Каирбекұлы Мәдениятттан мемлекет кірісіне 24 050 (жиырма төрт мың елу) теңге тұрақсыздық айыбын, 2 568 (екі мың бес жүз алпыс сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 03.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.01.2025, судья Султангалиева А. Е., 13.01.2025

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокуродың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева
Анықтама: шешім заңды күшіне 2025 жылдың 10 қаңтарында енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 03.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 10.01.2025, судья Султангалиева А. Е., 13.01.2025
2301-24-3-1/3710